ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 8 желтоқсан №7119-23-00-2/13950 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья А.К.Кусманова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің "№ 79 "Шабыт" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Амина» Орынбасарова Фариза Исемгалиевна жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің "№ 79 "Шабыт" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны жауапкер «Амина» Орынбасарова Фариза Исемгалиевна жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер Орынбасарова Фариза Исемгалиевна жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер Орынбасарова Фариза Исемгалиевна жеке кәсіпкерін Астана қаласы әкімдігінің "№ 79 "Шабыт" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны пайдасына 515 (бес жүз он бес) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін, 15 (он бес) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Жауапкер Орынбасарова Фариза Исемгалиевна жеке кәсіпкерін мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.К. Құсманова**

Документ подписан: Кусманова А. К., 08.12.2023

Дата вступления в законную силу: 15.01.2024, судья Кусманова А. К., 15.01.2024

7119-23-3-1/13679